



АВТОКӨЛІККЕ АРНАЛҒАН КӘСІБИ БЕЙНЕТІРКЕУІШ

AdvoCam FD Black-III

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Осы бұйымды орнату және пайдаланудан бұрын
пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.**



4779739

МАЗМҰНЫ

	бет №
Сақтық шаралары	2
Алғысөз	3
Бұйымды сертификаттау	3
Кәдеге жарату.....	3
Жалпы мәліметтер	3
Ерекшеліктері	3
Сыртқы түрі мен басқару органдары	4
Автокөлікке орнату	5
Магниттік бекітпе.....	7
Жад картасы	7
Бейнетүсірілім	8
Тіркеуішті басқару мәзірі.....	9
Сол кездегі күні мен уақытын баптау	9
Жүйе туралы ақпарат.....	9
Жад картасын пішімдеу.....	10
Жүйелік баптаулар	10
Ойнату.....	11
Фото және бейне файлдарға шолу функциялары	12
Файлдар тізімі	13
Файлдарды жою.....	13
Файлды қорғау	13
Компьютерге қосылу	14
Техникалық сипаттамалары	14
Пайда болуы мүмкін ақаулар.....	15
Сериялық нөмірдің шифрын ашу	15
Кепілдікті міндеттемелер	16
Кепілдік талоны.....	17

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Автокөлікке арналған AdvoCam-FD Black-III бейнетіркеуіші техникалық жағынан күрделі электрондық құрылғы болып табылады. Оны құлатпай, соққы тиюден қорғап жүріңіз.
- AdvoCam-FD Black-III құрылғысын күшті электромагниттік сәулелелерден алыс жерде ұстаңыз. Мұндай сәулеленудің көзі - электр қозғалтқыштары, радио таратқыштардың антенналары болуы мүмкін. Сондай-ақ, тіркеуіштің қуат беруші сымдарын автодабыл сымдарының жанына төсеуге кеңес берілмейді.
- AdvoCam-FD Black-III құрылғысын жоғары температура немесе тікелей күн сәулесінің әсеріне шалдықтырмаңыз.
- MicroSD жад картасын күшті электромагниттік өріс әсеріне шалдықтырмаңыз. Оны электростатикалық заряд жиналуы мүмкін жерлерде ұстамаңыз, әйтпесе деректер жоғалып кетуі мүмкін.
- AdvoCam-FD Black-III құрылғысын зарядтаған кезде қызып кетіп, түтін не күйік иісі сезілсе, жанып кетуіне жол бермес үшін оны өшіріп, қуат көзінен дереу ажыратып қойыңыз.
- AdvoCam-FD Black-III құрылғысын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі қуат кабелі баланың тұншығуына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Осы өнімді салқын, құрғақ және шаңсыз жерде сақтаңыз.


АЛҒЫСӨЗ

AdvoCam-FD Black-III DVR бейнетіркеуішімізді сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Өлшемі кішкентай, құрылысы жағынан бүтін және басқару оңай болуымен ерекшеленетін AdvoCam-FD Black-III құрылғысын кез-келген уақытта, кез-келген жерде оқиғаларды суретке түсіріп, жазып алу үшін пайдалануға болады. Осы нұсқаулықта AdvoCam-FD Black-III құрылғысын орнату және пайдалану әдісі сипатталған. Онда құрылғыны пайдалану, орнату, оның жұмыс істеуі жөнінде нұсқаулықтар, сондай-ақ техникалық сипаттамалары берілген толық ақпарат бар. Бұйымды қолданудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

БҰЙЫМДЫ СЕРТИФИКАТТАУ

AdvoCam-FD Black-III құрылғысы FCC және CE сияқты беделді ұйымдардың сертификаттауынан өткен.
ЕАС талаптарына сәйкес келеді: КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратыңыз!
Бұйым мен оның керек-жарағын қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды.
Табиғатты қорғау нормаларына сәйкес бұйымды кәдеге жарату орны мен тәсілі туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ұйымнан алуға болады.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Advocam-FD Black-III бейнетіркеуіштері - Full-HD ажыратымдылығы 1920x1080p бейне жазудың озық форматтарын қолдайтын және ажыратымдылығы 1920x1080 суретке түсіру режимін қолдайтын автокөліктегі бейне жазуға арналған кәсіби құрылғылар болып табылады.


Қазіргі заманғы Novatek NT96672 процессоры мен сезімталдығы жоғары Sony IMX323 матрицасы қамтамасыз ететін жазбалардың сапасы жоғары болуына байланысты бейнедегі кішкене бөлшектерді де ажыратуға болады. Бейнетіркеуіш экраны мен ДК-дегі microUSB порты арқылы жазбаларды көруге болады.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Сезімтал Sony IMX323 матрицасы мен қуатты Novatek NT96672 процессорының арқасында тіпті жарық аз болған кезде де бейне жарық әрі анық болып көрсетіледі.
- Ажыратымдылығы жоғары Full HD (1920x1080) бейнесі.
- Бейнені сығудың озық технологиясы H. 264.
- Тез шығарылатын магниттік бекітпесі бар кронштейн.
- Супер-конденсатор (ионистор).
- Шолу бұрышы кең 155° болатын жарық төккіш объектив.


- WDR функциясы - кең динамикалық ауқым, төмен жарық жағдайларында (күн батқан немесе шыққан кезде, үңгіртаудан шығарда, т.б.) сапалы бейне алуға мүмкіндік беретін технология.
- Кіріктірілген IPS дисплейінің диагоналі 2.45 дюймді құрайды.
- Сенсорлы экран
- Сезімтал MEMS микрофоны.
- Көлемі 256GB дейін жететін microSD жад карталарын қолдау.
- Тез алып салынатын магниттік бекітпемен жабдықталған.
- Апат болған жағдайда G-сенсор (соққы сенсоры) ағымдағы бейне жазбаны цикл бойынша қайта жазудан қорғайды.
- Тіпті қуат беру кездейсоқ өшіріліп қалып, машина аздап зақымдалса, т.б. жағдайларда файлдарды зақымданудан қорғау, бейне файлдар сақталатын болады.
- Роликтер арасында цикл бойынша үзіліссіз жазу функциясы.
- Зарядтау құрылғысы тұтатқыштың автокөлік ағытпасына арнап бейімделген.
- Тұтану іске қосылған/өшірілген кезде бейне жазуды автоматты түрде бастау/ тоқтату.
- Жазылатын файлдар ұзақтығын баптау мүмкіндігі.
- Бейнетіркеуіш экранында бейнені көру мүмкіндігі.
- Бейнежазбаға күнін, уақыты мен мемлекеттік нөмірін жазып қою.
- Қозғалыс датчигі.
- Интуитивті тұрғыдан түсінікті мәзір.

СЫРТҚЫ ТҮРІ МЕН БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ




1. **Power түймесі (қосу):** осы түймені қысқа уақыт басу арқылы тіркеуіш қосылады, түймені 3 секундтан ұзақ ұстап тұру тіркеуішті өшіреді.
Тіркеуіш жұмыс істеп тұрған кезде қысқа уақыт басқаннан кейін – дисплейдің көмескі жарығының түсірілуін іске қосу / істен шығару.
2. **Жазу индикаторы:** бейне жазылған кезде индикатор көк түспен жыпылықтайды.
3. **Микрофон**
4. **MicroSD жад картасының слоты:** сурет түсіріліп, бейнежазба жүргізілетін жад картасын орнатуға арналған ағытпа. Бейнетіркеуіш microSD, microSDHC форматындағы жад карталарын қолдайды, ең үлкен көлемі 256GB дейін құрайды.
5. **MicroUSB ағытпасы:** осы ағытпа арқылы түсірілген материалды көру және көшіру үшін компьютерге қосылу жүзеге асырылады.
6. **Магниттік алаң:** кронштейнге қосылуға арналған.
7. **Жүйелік ағытпа:** тіркеуішке кронштейннен қуат беріп отырады.
8. **Тіркеуіш камерасының объективі**
9. **Динамик:** ішке орнатылған динамик бұрын жазылған бейнелерді дыбысымен бірге көруге мүмкіндік береді.
10. **Дисплей:** Тіркеуіш функцияларын басқару, фотосуреттер мен бейнелер қарауға арналған.


АВТОКӨЛІККЕ ОРНАТУ




1. Маңдайлық әйнекті таза, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Қажет болса тіркеуішті әйнекке бекіту аймағын спиртпен сүртіп, майсыздандырып қойыңыз.



2. Тіркеуіш блогын кронштейнге бекітіп қойыңыз да, кронштейннің жабысқақ аймағынан қорғаушы таспасын шешіп алып, аймақтардың біріндегі артқы көрініс айнасының артында орналасқан маңдайлық әйнекке тіркеуішті жоғарыдағыдай бекітіп қойыңыз.



3. Кронштейндегі бұранданы босатып алып, камераның еңіс бұрышын реттеп қойыңыз. Камераның көрінісі көлденең жатқан бетке параллель орналасқанына көз жеткізу үшін алдымен объективті аздап түсірген жөн. Ұсыным: жер / аспан қатынасы шамамен 6/4 болады. Реттеп болғаннан кейін кронштейндегі бұранданы қатты бұрап қойыңыз.
4. Тіркеуіштің қуат беру кабелін суретте көрсетілгендей төсеп қойыңыз.



Қуат беру кабелін кронштейн корпусында орналасқан microUSB ағытпасына қосып қойыңыз. Автокөліктің зарядтау құрылғысының екінші ұшын автокөлігіңіздің тұтатқышы ұяшығына қосып қойыңыз.

Автокөлік қозғалтқышы іске қосылған кезде бейне тіркеуіш автоматты түрде қосылып, жазуды бастайды. Автокөлік қозғалтқышы өшірілгеннен кейін тіркеуіш жазуды аяқтап, өшіп қалады.


AdvoCam-FD Black-III 12-24В автокөліктің борт желісінің кернеуінен жұмыс істейді.



AdvoCam-FD Black-III бейнетіркеуіші (GPS + ГЛОНАСС) техникалық жағынан күрделі құрылғы болып табылады, оны мамандандырылған орталықтарда орнатуға кеңес береміз.

МАГНИТТІК БЕКІТПЕ

Магниттік бекітпе тіркеуішті әйнекке оңай орнатып, оны тез алып тастауға мүмкіндік береді. Бекіту жүйесінде қуаттылығы жоғары неодим магниттері қолданылады, соның арқасында тіркеуіш кронштейнге берік бекітілетін болады. Тік тұрған бағыттаушы тиек-ойықтар контактілер тобының дәлме-дәл сәйкес болуын қамтамасыз етеді.




Тіркеуішті орнатудан бұрын тіркеуіш пен кронштейннің магниттік алаңдарында бөгде заттардың болмауына көз жеткізіңіз.

Металл жоңқалар, жабдық пен басқа өткізгіш заттарды магнит бетіне және тіркеуіш пен кронштейннің түйіспелер тобына тигізбеңіз.

Бөгде заттардың болуы тіркеуіш пен кронштейннің механикалық, электрлі түйіспелеріне кедергі келтіреді. Байланыс тобының тұйықталып қалуы тіркеуіш пен зарядтау құрылғысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

ЖАД КАРТАСЫ




microSD форматындағы жад картасын суретте көрсетілгендей орнатыңыз. Жад картасын алып шығу үшін шертпек дыбысы естілмегенше карта үстін басыңыз. Жад картасын орнату мен шығаруды тек тіркеуіш өшірілген кезде ғана жүргізіңіз. Тіркеуіш ең үлкен көлемі 256GB-қа дейін жететін microSD, microSDHC, microSDXC форматтарындағы жад карталарын қолдайды.

Автокөлікке арналған бейне тіркеуіші жазу (қайта жазу) қарқындылығы жоғары құрылғы болғандықтан, жад картасының қоры айтарлықтай төмендейді.

Жад картасын дұрыс таңдап алыңыз. Сандық бейнекамералар мен бейнебақылау жүйелерінде жұмыс істеуге арналған **MLC NAND** флэш - жадының негізінде U1 немесе U3 индексі бар 10 кластағы жад карталарын пайдаланыңыз.

Бейне тіркеуіштерде жұмыс істеуге арналмаған жад карталарын пайдалану AdvoCam-FD Black-III құрылғысының тұрақсыз жұмыс істеуіне, жазудың қалып кетуі, қатып қалуы мен құрылғының өшіріліп қалуына әкелуі мүмкін.

БЕЙНЕТҮСІРІЛІМ




Экрандағы индикаторлардың шартты белгілері:

1. Басқару панелі.
2. Қозғалыс детекторы бойынша жазба жүргізу режимін көрсететін индикатор.
3. Жазба жүргізілуін көрсететін индикатор (бейне жазба жүргізген кезде жыпылықтайды).
4. Ағымдағы жазу уақытын есептеуіш.
Цикл бойынша жазба жүргізудің таңдалған аралығына қарамастан, осы есептегіш ағымдағы жазбаның жалпы ұзақтығын көрсетеді.
Жазба жүргізу тоқтатылып тұрса, есептегіш жад картасындағы бос орынды сағат және минутпен көрсетеді.
5. Ағымдағы күні мен уақыты.
6. Файлды қорғау - G-сенсор іске қосылған кезде ағымдағы файлдың қайта жазудан қорғалғанын немесе қолмен қорғалғанын көрсетеді.
7. Микрофон-индикатор микрофонның күйін көрсетеді (қосулы/өшірулі тұрғанын).
8. Жад картасы - тіркеуіште жад картасының болуын немесе болмауын көрсетеді.
9. Мәзір - тіркеуішті басқару мәзіріне кіруге арналған түйме.
10. Микрофон— микрофонды өшіру/қосу түймесі.

11. Жазу– жазуды тоқтату және бастау түймесі.

- Жазу кезінде суретке тез түсіріп алу үшін саусағыңызбен экранды қысқаша түртіп қойыңыз.
- Басқару панелін жасыру үшін экранды төмен қарай сырғытыңыз.
- Басқару панелін қайтару үшін экранды жоғары қарай сырғытыңыз.

ТІРКЕУІШТІ БАСҚАРУ МӘЗІРІ



Басқару панеліндегі  түймесін басқан кезде, экранда тіркеуіштің басқару мәзірі пайда болады.

Осы мәзірде келесі функцияларды іске қосуға болады:

Ағымдағы күні мен уақытын баптап алу

Жүйе туралы ақпарат

Жад картасын пішімдеу

Жүйелік параметрлер

Ойнату (файлдарды қарау, қорғау және жою функциялары)

Жазу (бейне түсірілімді іске қосу)



СОЛ КЕЗДЕГІ КҮНІ МЕН УАҚЫТЫН БАПТАУ

Қажетті мәндерді таңдау үшін   түймелерін басыңыз

Енгізілген деректерді сақтау үшін  түймесін басыңыз

Алдыңғы мәзірге оралу үшін .



ЖҮЙЕ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ




Ver: - Тіркеуіштің бағдарламалық жабдықтамасының нұсқасы.

Card: - Жад картасы туралы ақпарат:
жазылған деректер көлемі / картаның жалпы көлемі.



ЖАД КАРТАСЫН ПІШІМДЕУ



Дискіні пішімдеу, белгілеп қою (microSD жад картасының логикалық құрылымын қалыптастыру).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұрын жазылған барлық деректер жоғалып кетеді. Картаны алғаш рет пайдаланғанда, жазба жүргізгенде қандай да бір ақаулар болған кезде картаны пішімдеуге кеңес беріледі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркеуіш тұрақты жұмыс істеп тұруы үшін жад картасын айына кемінде бір рет пішімдеп отыру қажет.



ЖҮЙЕЛІК БАПТАУЛАР



Advacam-FD Black-III DVR бейнетіркеуіші өндірілген кезде оңтайлы түрде бапталып, бірден жұмыс істеуге дайын болу керек.

Қуат берілгеннен кейін тіркеуіш автоматты түрде қосылып, бейне түсіруді бастайды. Қуатты беру аяқталғаннан кейін тіркеуіш бейнежазбаны дұрыс тоқтатып, өшіріледі.

Қажет болса, тіркеуіш параметрлерін пайдаланушы өзгерте алады. Жүйелік баптаулар тармақтарының сипаттамасы төменде берілген. Алдын ала орнатылған баптаулар мәтін бойынша асты сызылып көрсетілген.


Тізімді тауып алу үшін саусақпен экранды жоғары немесе төмен сырғытыңыз, тізімді таңдау үшін қажетті элементке қысқа уақыт басып тұрыңыз.

- **АЖЫРАТЫМДЫЛЫҚ:** 1920x1080, 1280x720 бейне түсіруге арналған ажыратымдылықты таңдап алу.
- **ЖАЗБА ЖҮРГІЗУ ЦИКЛІ:** 1, 3, 5, 10 немесе 15 минуттық үзінділерге бөліп, шеңбер бойымен жазба жүргізу. Жад картасы толығымен толып кетсе, жазба бұрын жазылған файлдар үстіне жазылатын болады. Өшіру - цикл бойынша жазба жүргізу функциясы істен шығарылған, жад картасы толып кеткен жағдайда бейнежазба жүргізу тоқтатылады.
- **WDR** (Wide Dynamic Range – кең динамикалық диапазон): төмен жарық жағдайларында (күн батқан немесе шыққан кезде күнге қарай қозғалғанда, үңгіртаудан шығарда, жол қозғалысына қарсы тұрған шамдардың жарығы түскенде, т.б. жағдайларда (қосу/өшіру) сапалы бейне алуға мүмкіндік береді.
- **ЭКСПОЗИЦИЯ:** Экспозицияны қолмен түзету -2-ден +2EV-ге дейін.
- **ДЫБЫС ЖАЗУ:** Кіріктірілген микрофоннан дыбыс жазып алу (қосу/өшіру).
- **G-СЕНСОР БАПТАУЛАРЫ:** Үдеу (соққы) сенсоры. Кеңістікте орналасу қалпы күрт өзгергенде (соқтығысқан), ағымдағы файл қайта жазылудан бұғатталып қалады. Сезімталдықтың үш деңгейі болады төмен / орташа / жоғары, өшіру - датчик өшірулі.
- **КҮН МӨРТАҢБАСЫ:** Бейнежазбада күн мен уақытты көрсету (қосу/өшіру).
- **МЕМЛЕКЕТТІК НӨМІРІ:** Автокөлігіңіздің мемлекеттік нөмірін бейне жазбаларға қосу мүмкіндігі.
- **ЭКРАНДАҒЫ ҚЫСТЫРМА:** Экранды автоматты түрде өшіру немесе күні / уақыты немесе көліктің ағымдағы жылдамдығы көрсетілген экрандағы қыстырманы көрсету. Экран өшірулі / Жылдамдық / Уақыт, Өшірулі.
- **ПЕРНЕЛЕРДІ БАСУ ДЫБЫСЫ:** Пернелерді басу дыбысын өшіру / қосу (қосу/өшіру).
- **ФАРАЛАРДЫ БАСҚАРУ:** Автокөлік фараларын қосу қажет екендігі туралы ескерту. Жүйе автокөлік жолының жарығы аз болған кезде ғана жұмыс істейді (қосу / өшіру).
- **ҰЙҚЫҒА ҚАРСЫ:** Жүргізушінің шаршағандығы туралы еске салу жүйесі. Хабарландыру таймері берілген уақыт аралығында жұмыс істейді (1 / 2 / 4 сағат / өшіру).
- **БАЯУ ТҮСІРІЛІМ** (Time Lapse) (өшіру/ 1 / 5 / 30 сек): 1сек, 5сек немесе 10сек жиілігімен баяу жазу (ұзақ процестерді жазу, жүк жөнелту, т.б. мақсаттарда пайдалануға кеңес беріледі).
- **ЖИІЛІК:** Өңіріңіздегі электр желісінің жиілігі. Қыздыру шамдарынан жасанды жарық түскен кезде бейне жазбада «соғылуды» болдырмауға мүмкіндік береді (РФ үшін - 50 Гц).
- **ТІЛ:** Мәзір тілін таңдау (Орыс, English).
- **БАПТАУЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ:** Зауыттық баптауларға қайтып оралу.



ОЙНАТУ

(файлдарды қарау, қорғау және жою функциялары)



Бұл терезеде үш бума бар:


ҚАЛЫПТЫ БЕЙНЕ - бейнежазбалардың негізгі тізімі берілген бума.

ТӨТЕНШЕ БЕЙНЕ - G-сенсор іске қосылғанда қайта жазудан қорғалған бейне файлдары бар бума.

ФОТО - бейне түсірілген кезде жасалған скриншоттары бар бума.

Бумалардың кез-келгенін таңдаған кезде жаңа медиафайлды қарау терезесі ашылады.


ФОТО ЖӘНЕ БЕЙНЕ ФАЙЛДАРҒА ШОЛУ ФУНКЦИЯЛАРЫ



1. файлдар тізімі
2. алдыңғы файлға өту
3. ағымдағы файлдың ұзақтығы
4. ағымдағы файлдың атауы (жасалған күні мен уақыты)
5. реттік нөмірі / бумадағы файлдардың жалпы саны
6. келесі файлға өту
7. алдыңғы мәзірге оралу
8. файлды қорғау
9. файлды жою
10. файлды ойнату




ФАЙЛДАР ТІЗІМІ



Жазбалар арасымен жылдам ауысып отыруға мүмкіндік береді.




ФАЙЛДАРДЫ ЖОЮ



Осы бумадағы ағымдағы жазбаны жоюға немесе барлық жазбаларды жоюға мүмкіндік беретін қосымша мәзір.



ФАЙЛДЫ ҚОРҒАУ



Осы бума ішіндегі ағымдағы немесе барлық жазбаларды бұғаттауға және бұғаттан шығаруға мүмкіндік беретін қосымша мәзір.


КОМПЬЮТЕРГЕ ҚОСЫЛУ

Компьютерге қосылу функциясы файлдарды тіркеуіштен дербес компьютерге жіберуге арналған.

Қосылу үшін тіркеуіштің жеткізілім жиынтығына кіретін USB кабелін пайдаланыңыз.

AdvoCam-FD Black-III құрылғысы дербес компьютерге қосылған кезде бейнетіркеуіш экранында USB қосылысының жасалғанын көрсететін  белгіше пайда болады.

Компьютер құрылғыны алмалы-салмалы USB жинақтаушысы ретінде автоматты түрде танып, қажетті драйверлер орнатады. Алмалы-салмалы диск операциялық жүйенің өткізгішінде көрсетіледі (бейне тіркеуіште орнатылған microSD жад картасы).



EMERG - қайта жазудан қорғалған файлдарды сақтауға арналған бума.

MOVIE - кәдімгі бейне жазбаларды сақтауға арналған бума.

PHOTO - фотосуреттерді сақтауға арналған бума.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Матрица	Sony IMX323
Процессор	Novatek NT96672
Объектив	шолу бұрышы 155°, F1.8
Дисплей	IPS, 2.45", сенсорлық
Фото	JPG пішімі
Бейнежазба	кодек H. 264, файл пішімі - MOV 1920x1080, 1280x720
Аудио	кіріктірілген динамик және MEMS микрофоны
Жад	көлемі 256GB дейін жететін microSD, SDHC, SDXC жад карталарын қолдау
Батарея	супер-конденсатор (ионистор)

Қуат	автокөлік адаптері: кірісі 12-24V шығысы: microUSB 5V / 2A
Өлшемдері БхЕхТ, (кронштейнсіз)	72x41x26 (32) мм
Салмақ (кронштейнсіз)	78 г
Сақтау температурасы	-30°C-тан +75°C-қа дейін
Пайдалану температурасы	-20°C-тан +60°C-қа дейін
Жиынтықтама	бейнетіркеуіш, кронштейн, USB-microUSB кабелі, автокөліктің қуат адаптері, нұсқаулық.

ПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН АҚАУЛАР


- **Фото / бейне жазу мүмкін емес:**
– SD картасын тексеріңіз, ол бүлініп қалуы не жазбадан қорғалуы мүмкін.
- **Фото/бейне түсірілімді тоқтату:**
– SD картасын тексеріңіз. Сандық бейнекамералар мен бейнебақылау жүйелерінде жұмыс істеуге арналған MLC NAND флэш-жадына негізделген U1 не U3 индексі бар жылдамдығы жоғары 10 кластағы жад картасы қажет.
- **Жазба жүргізген кезде «Файл қателігі» пайда болады:**
– Жад картасын пішімдеңіз / ауыстырып қойыңыз.
- **Фотосуреттер не бейнелер анық емес:**
– Объективті жұмсақ шүберекпен тазартып қойыңыз. Объективті тазарту үшін еріткіштер, құрамында бензо мен спирті бар сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- **Экран бетіндегі көлденең үзік сызықтар:**
– Мұның себебі - «Жиілік» дұрыс бапталмаған, электрмен жабдықтаудың жергілікті жиілігіне сәйкес «50Hz» немесе «60Hz» баптаған жөн (РФ үшін 50 Гц).
- **Цикл бойынша жазба жүргізу үшін қай уақыт аралығы таңдалғанына қарамастан (1, 3 немесе 5 минут) бейнетіркеуіш ұзындығы әр түрлі барлық бейнефайлдарды жазып алады:**
– «Қозғалыс датчигі» функциясы іске қосылған кезде бейнефайлдар белгіленген мерзімділігіне қарамастан тіркеуіштің көру аймағында қозғалыстың басынан аяғына дейін жазылады. Белгіленген ұзақтықтағы файлдар жазу үшін «Қозғалыс датчигін» өшіріп, жазба жүргізудің қажетті уақыт аралығын таңдау керек.

СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРДІҢ ШИФРЫН АШУ

Құрылғының корпусында, сондай-ақ орауыш қорабында тіркеуіштің сериялық нөмірі көрсетілген.

Сериялық нөмірінде осы үлгісі мен дайындалған күні туралы ақпарат бар.

FDB3-00000000



КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйымды сақтау мен пайдалану талаптары орындалса ғана дайындаушы бұйымды сатқан күнінен бастап 12 айға, бірақ өндірілген күнінен бастап 15 айдан аспайтын мерзімге бұйымның жұмысқа қабілетті екендігіне кепілдік береді.



Электромагниттік жағдай қалыпты болған кезде тіркеуіштің жұмысына кепілдік беріледі.

Кепілдік келесі бұйымға берілмейді:

- механикалық бүліністері бар, ашылған немесе біліксіз жөндеу жүргізу іздері бар бұйымға;
- пайдалану талаптары бұзылуы салдарынан істен шыққан бұйымға;
- еңсерілмес күштердің (табиғи құбылыстар, табиғат апаттары, борт желісіндегі көлік апаттары, т. б.) әсері нәтижесінде істен шыққан бұйымға;
- кепілдік бұйым керек-жарағына (кронштейн, зарядтау құрылғысы, т. б.) берілмейді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Кепілдікті жөндеу бұйымның фирмалық кепілдік талоны мен сериялық нөмірі болған кезде жүргізіледі.

Кепілдік талоны: бұйымның сериялық нөмірі, сатылған күні, сатушы-фирмасының қолы мен мөрі, сатып алушының қолы дұрыс және анық көрсетілген жағдайда ғана күшінде болады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Өндіруші тауардың құрылымы, конфигурациясы мен бағдарламалық жабдықтамасына осы нұсқаулықта сипатталмаған және тауардың тұтынушылық сапасын төмендетпейтін өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

№ р.с.	Бұйымның атауы	Саны	Сериялық нөмірі
1.	AdvoCam-FD Black-III	1	

М.О.

Сатушының қолы

Сатылған күні

Сатып алушының қолы



8 (800) 333-92-70



info@advocam.ru



www.advocam.ru



www.advocam.ru/servis.html

Ресейде көлік жүргізген кезде сіздің тыныштығыңыз үшін жасалған

Дайындаушы зауыттың мекенжайы:

Floor 6, Building 7, Zhongyuntai industrial Park, Yingrenshi Road Crossing, Shenzhen, Қытай

Ресей Федерациясындағы айрықша жеткізуші «ВИДЕОМАКС» ЖШҚ

тел. 8 800 333 92 70

EAC

www.advocam.ru